

ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасының»
меңгерушісі: Мынжасарова Г.А.



ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасы»
Ортаңғы «БАЛБАЛА» (3 жастағы балалар) тобы
ҚАЗАҚ ТІЛІ бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспары
2024 - 2025 оқу жылы

Қазақ тілі мұғалімі: *Мынжасарова Гүлнұр*

ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасы
Ортаңғы «БАЛБАЛА» (3 жастағы балалар) тобы
ҚАЗАҚ ТІЛІ бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспары
2024 - 2025 оқу жылы
(Қазақ тілі-1, 36 сағат)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты	Сөздік жұмыс	Әдіс-тәсілдер	Құрал-жабдықтар	Сағат саны	Күні
1	<i>Балабақшаға саяхат. Кел, танысайық!</i>	Қазақ тілін тыңдап, оны түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратын, фонематикалық есту қабілетін, сөйлеуін, сөзді есту және көру арқылы қабылдауын, диалогтық сөйлеуін, зейіні мен ойлау қабілетін, жағымды көңіл күйін дамыту. Ересек адамдар және құралпастарымен	«Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!» сәлемдесу сөздерін белсенді қолдану. Балабақша, топ, топ бөлмелері, шкафтар, ойыншықтар, топ ережелері сөздерін енгізу.	Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, сөздік жаттығу, көркемсөз, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу, ойын рефлексиясы.	1. Көрнекілік материалдар. Дана қуыршақ. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі, ырғақты әуен. Балабақшаның, музыка залының, спорт залының демонстрациялық суреттері. 2. Үлестірмелі материалдар. «Нені, қайда қоямыз?» дидактикалық ойынына қажетті суреттер.	1	06.09.2024

		қарым-қатынасқа түсу, өзін сыпайы, мәдениетті ұстаудың негізін қалау.					
2	<i>Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!</i>	Қазақ тілін тыңдау, оны түсіну, қабылдай алуды үйрету; ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсіну және қолдана алуды, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	Сөздік қорына: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!», «Менің есімім», «Бұл мен» сөздерін енгізу.	Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, сөздік жаттығу, көркемсөз, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу, ойын рефлексиясы.	1. Көрнекілік материалдар. Дана қуыршақ. Ксилофонның әдемі әуенді соло ойнаған аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі, ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Қол айнасы.	1	13.09.2024
3	<i>Үй жануарлары және оның төлдері.</i>	Қазақ тілін тыңдау, оны түсіну, қабылдай алуды үйрету. Балаларды өздеріне таныс ертегіні айтып беруге ынталандыру. Жұрнақ мен жалғауды дұрыс қолдануды үйрету, жануарларды атау және төлдерінің аттарын еске сақтауды, қарама-қарсы мағыналы сөздерді (үлкен - кіші) ажырата білу дағдыларын қалыптастыру;	Сөздік қорына келесі сөздер мен сөз тіркестерін енгізу: қозы - қошақан, бота - ботақан, лақ - шұнақ құлақ, бұзау - бұзауқан, құлын - құлыншақ.	Жұмбақ, ғажайып сәт, ертегі айту, «Енесін тап» ойыны, сергіту сәті, «Не, қалай дыбыстайды?» ойыны, аудиожазба тыңдау, «Не артық?» ойыны, үлгі бойынша әңгімелеу, дыбыстық жаттығу, «Байқампаз бол» ойыны, кейіпкермен қоштасу, ойын рефлексиясы.	1. Көрнекілік материалдар. Ширма, ит, «Тышқан, ит және мысық» үстел театры, жануарлар мен олардың төлдері, үйі, жануарлар бейнеленген суреттер.	1	20.09.2024

		жануарлар мен олардың төлдері қалай дыбыстайтыны туралы білімдерін бекіту. Артикуляциялық аппаратын, дыбысты есту қабілетін, сөйлеуін, диалог құру, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Сөз тіркестерін, тілдерін, дыбыстарды нақты айту қабілетін дамыту; қазақ тілінің төл дыбыстары [ә], [ө] дұрыс айтуды жаттықтыру. Мейірімділікке, жауапкершілікті сезінуге, қиыншылыққа тап болған адамға көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.					
4	<i>Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін!</i>	Қазақ тілін тыңдау ды және оны түсінуді үйрету; ойыншықтарды атау, ересек адамдардың өтінішіне жауап беру, өз өтініш білдіруді, сұрақтарға жауап бере алуды; сөздердегі	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу: ойыншықтар, текше, доп, қоян. «Мә, ала ғой», «біз ойнадық» сөз тіркестері арқылы белсенді	Ғажайып сәт, кіріспе әңгіме, дидактикалық ойын, сергіту сәті, сөздік жаттығу, көркемсөз, рефлексия.	1. Көрнекілік материалдар. Ішінде ойыншықтары бар қорапша. Көрсеткіш. Ойыншықтар: доп, Дана қуыршақ, қоян, текше, мәшине. Бейнеролик: домалап кеткен доп, көк көйлек	1	27.09.2024

		дауысты дыбыстарды, оның ішінде қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету. Артикуляциялық аппаратын, фонематикалық есту қабілетін, ойыншықтарды көру және есту арқылы қабылдай алуын, монологтық және диалогтық сөйлеу негіздерін, зейіні мен ойлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортадағы заттық әлемге қызығушылығын қалыптастыру, мейірімділікке баулу.	сөздік қорын дамыту.		киген қуыршақ күннің суретін салады, қоянмен билейді. Ғажайып сәттің аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. 2. Үлестірмелі материалдар. Манипуляцияға арналған ойыншықтар.		
5	<i>Алтын күз. Сары жапырақтар</i>	Қазақ тілін тыңдау, күзгі табиғат, күзгі еңбек түрлері, күз мезгілінің белгілерімен таныстыру; жапырақтар, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауды үйрету, тақырып бойынша фонетикалық	Сөздік қорға келесі сөздерді енгізу: егін, алтын күз, сары жапырақтар, көгөністер, жемістер, сарғаю, күздің белгілері.	Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркемсөз, дидактикалық ойын, сергіту сәті, дамытушылық ойын, кейіпкермен қоштасу, ойын рефлексиясы.	1. Көрнекілік материалдар. Сиқырлы әуеннің аудиожазбасы, «Жапырақ» кейіпкердің қиылған әдемі кескіні немесе суреті, «Күз» мезгілі бейнеленген суреттер, «Сәйкестендір» дидактикалық ойынына арналған әртүрлі	1	04.10.2024

		сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсінуді, артикуляциялық аппаратын, фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу, жалпы сөзді есту арқылы қабылдауын дамыту; табиғаттағы түстерді қабылдай алу, оларды ұқсас түстермен сәйкестендіре алу қабілетін дамыту. Зейіні мен ойлау қабілетін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеуге, табиғаттың сұлулығын байқауға, сезіне білуге тәрбиелеу.			ағаштардың үлкен және кішкентай жапырақтары, сергіту сәтіне арналған классикалық әуеннің аудиожазбасы.		
6	«Не қайда өседі?». Көкөністер мен жемістер. Түстер әлемі.	Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын еске сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауды,	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу: алма, алмұрт, апельсин, қызанақ, қияр, сәбіз, бақшада өседі, бақта өседі.	Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркемсөз, дидактикалық ойын, сергіту сәті, дамытушылық ойын, кейіпкермен қоштасу, ойын рефлексиясы.	1. Көрнекілік материалдар. Көлік дыбысының аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Ойыншық жүк көлігі немесе	1	11.10.2024

		тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсінуді үйрету.			көгөністер мен жемістер (сәбіз, қызанақ, қияр, алма, алмұрт, апельсин) тиелген жүк көлігінің демонстрациялық суреті. Көгөністер (сәбіз, қияр, қызанақ) мен жемістердің (алма, алмұрт, апельсин) пішіндері немесе демонстрациялық суреттері. Үш түсті панно: қызыл, тоқсары, жасыл (А4 - А3). 2. Үлестірмелі материалдар. Заттық суреттер (ойынға ықшамдалып қиылған) 1/4 А4 өлшемді: сәбіз, қызанақ, қияр, алма, алмұрт, апельсин. Үш түсті панно түстерімен: қызыл, жасыл, тоқсары тура сәйкес келетін көгөністер мен жемістер.		
7	<i>Нан дастарханға қалай келеді?</i>	Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін,	Сөздік қорға келесі сөздерді енгізу: бидай, нан өнімдері, ұн, егін. Егін егеді, егін орады,	Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркемсөз, дидактикалық ойын, сергіту сәті, дамытушылық ойын,	1. Көрнекілік материалдар. Ойыншық Бауырсақ. Суреттер: қоян, қасқыр, аю, түлкі; сергіту сәтіне арналған орташа	1	18.10.2024

		сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру. Артикуляциялық аппаратын, фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу, жалпылауыш сөзді есту арқылы қабылдауын дамыту; табиғаттағы түстерді қабылдай алу, оларды ұқсас түстермен сәйкестендіре алу қабілетін дамыту. Зейіні мен ойлау қабілетін дамыту. Ересек адамдардың еңбегіне құрмет негіздеріне баулып, нанды қастерлей білуге баулу.	диірменге тартады сөз тіркестері арқылы сөздік қорды белсендіру.	кейіпкермен қоштасу, ойын рефлексиясы.	темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Сюжеттік суреттер: жер жырту, бидай егу, бидайдың өсуі, масақ теру, ұн тарту, нан пісіру. 2. Үлестірмелі материалдар. «Үшіншісі артық» ойынына арналған суреттер (бір карточкада: нан, тоқаш, шұжық; екінші карточкада: піспенан (печенье), батон, сүт тағы басқа).		
8	«Жолға дайындал...». Көліктер. Түстер әлемінде.	Көлік түрлерінің қазақ тіліндегі атауларын, негізгі түстерін тыңдап, дұрыс атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүруін білдіретін сөз тіркестерін құруды, зат	Сөздік қорға келесі сөздерді енгізу: көлік, кеме, ұшақ. Көк ұшақ, сары автобус, қызыл мәшине, жасыл кеме сөз тіркестері арқылы сөздік	Бейнероликті көрсету, көркемсөз, әңгімелесу, ғажайып сәт, сергіту сәті, сөздік жаттығу, дамытушылық ойын.	1. Көрнекілік материалдар. Жолда келе жатқан көлік туралы бейнеролик. Заттық демонстрациялық суреттер: мәшине, жүк көлігі, автобус, паровоз, кеме, ұшақ (А4). Көрсеткіш.	1	01.11.2024

		есіммен сын есімдерден сөз тіркесін құруды үйрету, көліктердің жүруін бере алатын буындарды айтуды үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, дауысты дыбыстарды және дауысты дыбыстардың дауыссыз дыбыстармен үндесуін есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту, негізгі түстерді қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Құралпастарымен бірге ойнауға, достыққа деген ұмтылысын тәрбиелеу.	қорды молайту.		Заттық демонстрациялық суреттің карточкалары (1/2 А4), бұнда төртеуінің бірі артық: қызыл қызанақ, қызыл ту, көк ұшақ, қызыл таңқурай; жасыл қияр, сары автобус, жасыл алмұрт, жасыл жапырақ; сары күн, сары жапырақ, қызыл мәшине, сары лимон; тоқсары сәбіз, жасыл кеме, тоқсары апельсин, тоқсары іш көйлек. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. 2. Үлестірмелі материалдар. Үлестірмелі суреттер (1/4 А4): мәшине, автобус, паровоз, кеме, ұшақ.		
9	Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. «Қоян тонын неге ауыстырады?»	Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерін	Сөздік қорға келесі сөздерді енгізу: қоян, түлкі, аю. Қоян тонын ауыстырады, аю ұйқыға жатады,	Мультфильмнен үзінді көрсету, көркемсөз, әңгімелесу, ғажайып сәт, сергіту сәті, дидактикалық ойындар, тәжірибе	1. Көрнекілік материалдар. Ақпараттық слайд, тыныс алу жаттығуына арналған бұлттар, дидактикалық ойынға арналған суреттер,	1	08.11.2024

		таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін (қазақ тілінде) еске сақтап, оларды дұрыс қолдануды үйрету. Орман мен оның тұрғындарының өміріне танымдық қызығушылықты дамыту; еске сақтауын, байланыстырып сөйлеуін, бір-бірін тыңдау қабілетін дамыту; сыртқы түр сипатына немесе мінез-кұлқына тән белгілеріне назар аудара отырып, жабайы жануарлар туралы жұмбақтарды шеше білу. Табиғатты сүйуге және құрметтеуге баулу, қайырымдылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.	қасқыр жортып жүреді сөз тіркестері арқылы сөздік қорды молайту.	жасау.	көрсеткіш. Рефлексияға қажетті құралдар: қоянның кескіні мен мақталар, желім. 2. Үлестірмелі материалдар. Әр балаға ақ түсті және сұр түсті парақтар мен ақ түсті қояндар.		
10	«Орманда нелер мекендейді?». Жабайы аңдар.	Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын еске сақтауды, ертегіні	Сөздік қорына келесі сөздер мен сөз тіркестерін	Ғажайып сәт, дамытушылық жаттығуы, аудиожазбаларды	1. Көрнекілік материалдар. Ойыншық қоян немесе суреті. Жабайы	1	15.11.2024

		(«Үйшік») мұқият тыңдауды, өздеріне таныс жабайы аңдардың атаулары арқылы ертегінің мазмұнын түсінуді үйрету, ертегіде жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін (қазақ тілінде) еске сақтап, оларды дұрыс қолдануды үйрету. Ертегіде жиі қайталанатын сөз тіркестерін есту арқылы қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сипатталған оқиғаларды көз алдына елестете алу арқылы байланыстыру қабілетін дамытып, сөйлеу, қиял, жағымды көңіл күйін білдіре алу қабілетін дамыту. Ертегілерге деген сүйіспеншілік сезіміне, өз құралпастарымен достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу.	енгізу: ертегі, жабайы аңдар, үйшік. «Орманда мекендейді», «Үйшікте кім тұрады?» сөйлемдері арқылы сөздік қорды байыту.	тыңдау, суретті көрсету, ертегі айту, сергіту сәті, ойын рефлексиясы.	жануарлардың көрнекілік суреттері: қоян, қасқыр, аю, түлкі. Бөлігілік пен қонжықтың дыбыстары жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. «Үйшік» ертегісінің мазмұны бойынша тақырыптық суреттер: 1) ормандағы алаңқайда үйшік тұр; 2) үйшіктің қасында тышқан тұр; 3) үйшіктің қасында бақа тұр, басын сыртқа шығарып қараған тышқан; 4) үйшіктің қасында қоян тұр, тышқан мен бақа қарап тұр; 5) үйшіктің қасында түлкі тұр, тышқан, бақа мен қоян қарап тұр; 6) үйшіктің қасында қасқыр тұр, тышқан, бақа, қоян мен түлкі қарап тұр; 7) үйшіктің қасында аю тұр, тышқан, бақа, қоян, түлкі мен қасқыр	
--	--	---	--	--	--	--

					қарап тұр; 8) аю үйшіктің үстінде отыр, аңдар жан-жаққа бытырап қашып барады.		
11	Күзгі жаңбыр	Жаңбыр түрлерінің атауларын қазақ тілінде атауды үйрету; етістік, көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркестерін құруды, зат есіммен, сын есімнен сөз тіркесін құруды үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, дауысты дыбыстарды және дауысты дыбыстардың дауыссыз дыбыстармен үндесуін есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту, негізгі түстерді қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Құралпастарымен	Сөздік қорға келесі сөздерді енгізу: күз, жаңбыр, нөсер. Жапырақтар сарғаяды, жаңбыр жауады, құстар ұшып кетеді сөз тіркестері арқылы сөздік қорды молайту.	Күз тақырыбында суреттерді көрсету, көркемсөз, әңгімелесу, ғажайып сәт, сергіту сәті, дидактикалық ойындар, тәжірибе жасау.	1. Көрнекілік материалдар. «Күз», «Жаңбыр» тақырыбындағы көрнекілік суреттер, жаңбырдың дыбысы жазылған аудиожазба, тыныс алу жаттығуына арналған атрибуттар. 2. Үлестірмелі материалдар. Әр балаға арналған ысқыштар, су құйылған ыдыстар, қол сұртуге арналған майлықтар.	1	22.11.2024

		бірге ойнауға, достасуға ұмтылуға тәрбиелеу. Табиғаттың сұлулығын сезінуге баулу.					
12	«Үйдің көркі не?». <i>Жиһаздар.</i>	Балаларға Қазақстан және Астана қаласы туралы қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу: әнұран, жиһаз, төсек, орындық. «Біздің еліміз - Қазақстан», «үстел басында тамақтанады», «орындыққа отырады», «төсекке жатады» сөз тіркестері мен сөйлемдері арқылы сөздік қорды байыту.	Аудиожазба тыңдау, суреттер көрсету, ғажайып сәт, сөздік жаттығу, сергіту сәті, дамыту жаттығуы, кейіпкермен қоштасу, ойын рефлексиясы.	1. Көрнекілік материалдар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны жазылған аудиотаспа, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуенжазбасы. Көрсеткіш. Көрнекілік суреттер: Қазақстанның анимациялық картасы; қаланың негізгі нысандары бар Астана қаласының көрінісі. Бәйтеректің бейнесі. Еркежан әженің суреті. Көрнекілік суреттер: үстел, орындық, төсек, шкаф, диван. «Жиһаз» сюжеттік суреті. Асүй мен жатын бөлмесінде жиһаздары дұрыс және қате орналасқан суреттер сериясы. 2. Үлестірмелі материалдар. Заттық суреттер: үстел,	1	29.11.2024

					орындық, төсек, шкаф.		
13	«Шыршаның бастан кешкендері»	Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттауды, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; қазақ тілінде қыс мезгілі, қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту. Қысқы іс-шаралар қыс мезгіліне ғана тән деген түсініктерін бекіту. Көркемсөз үлгілері арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. Суреттерге немесе жиі қайталанатын сөздерге сүйеніп, қазақ тіліндегі ақпаратты есту арқылы қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуін, кеңістіктік ойлау негіздерін дамыту. Есту зейінін және музыкаға эмоционалды қарым-	Сөздік қорға келесі сөздерді енгізу: қыс, қар, аяз, жаңа жыл, шырша, аққала.	Аудиожазба тыңдау, суреттер көрсету, ғажайып сәт, сөздік жаттығу, сергіту сәті, дамыту жаттығуы, кейіпкермен қоштасу, «Жүректен жүрекке» шеңбері.	1. Көрнекілік материалдар. «Сиқырлы қар» ойынына арналған атрибуттар: ортасында үлкен, ламинатталған қар ұлпасының кескіні, сол қардан жан-жаққа 10 шақты ұзын және қысқа көк түсті таспалар таралған, әр таспаның ұшында көлемі кішкентай суреттер бекітілген. «Көлеңкесін тап» дидактикалық ойынына арналған ламинатталған жаңа жылдық шыршалар мен көлеңкелері. 2. Үлестірмелі материалдар. Әр балаға арналған «Қысқы бейне» дидактикалық ойынына арналған әртүрлі геометриялық пішіндер.	1	06.12.2024

		қатынасын, эмоционалды жауап беруге баулу. Өзгелерге деген қайырымдылық пен жанашырлық сезімдеріне, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.					
14	«Қыс қызығы»	Қыс мезгілін жылдың бір мерзімі ретінде қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Қысқы іс-шаралар, қыс мезгіліне ғана тән түсініктерін бекіту. Көркемсөз үлгілері арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. Суреттерге немесе жиі қайталанатын сөздерге сүйеніп, қазақ тіліндегі ақпаратты есту арқылы қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуін, кеңістіктік ойлау негіздерін дамыту. Көру және	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу: қыс, қар, аяз, ақ, суық, үлпілдек, жарқырайды, жылтыр, күмістей, қытырлақ, жұмсақ, ериді.	Аудиожазбаны тыңдау, слайд материалдарын, суреттер көрсету, ғажайып сәт, сөздік жаттығу, сергіту сәті, дамыту жаттығуы, дидактикалық ойындар, ойын рефлексиясы.	1. Көрнекілік материалдар. Боранның соққанын білдіретін аудиожазба, слайд материалдары, «Қыста қалай киінеміз?» дидактикалық ойынына арналған суреттер және «Қалың қардың астында не жатыр?» дидактикалық ойынына арналған суреттер. 2. Үлестірмелі материалдар. «Айырмашылығын тап» дидактикалық ойынына арналған суреттер.	1	13.12.2024

		есту арқылы қабылдауын, зейінін, логикалық ойлауын, байланыстырып сөйлеуін дамыту. Есту зейінін және музыкаға деген эмоционалдық қарым-қатынасын, эмоционалды жауап беруге баулу. Өзгелерге қайырымдылық пен жанашырлық сезімдеріне, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.					
15	«Қыстағы ойын-сауық түрлері»	Қар, қысқы ойын-сауық түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қысқы ойындар» сөзін қолдану арқылы қарапайым сөз тіркестерін құруды, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қысқы ойындар туралы	Сөздік қорға келесі сөздерді енгізу: шана тебу, шаңғы тебу, сырғанау, коньки тебу. Сырғанақтан сырғанау, қар атысып ойнау сөз тіркестері арқылы сөздік қорды байыту.	Аудиожазбаны тыңдау, сурет көрсету, көркемсөз, әңгіме, сурет бойынша әңгімелесу, сергіту сәті, сөздік жаттығу, бейнероликтер көрсету.	1. Көрнекілік материалдар. Дана қуыршақ, қыстың келгенін білдіретін әуеннің аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер.	1	20.12.2024

		ақпаратты есту арқылы қабылдауын дамыту. «Қыс қызығы» тақырыбы бойынша сөйлесуді, есту арқылы қабылдауын, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілетін дамыту. Байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркемсөзге құштарлығын дамыту.					
16	«Қыс бізбен қар атысып ойнайды». Қыс жыл мезгілі	Қар туралы шағын өлең жолдарын қайталап оқу, сөздерді анықтап айтуды үйрету; жақсы көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қыс» сөзімен қарапайым сөз тіркестерін құрауды және сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, есту арқылы қысқы табиғат туралы	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу: қыс, қар, жатыр, жерде, шатырда, шыршада, аппақ қыс.	Аудиожазбаны тыңдау, сурет көрсету, көркемсөз, әңгіме, сурет бойынша әңгімелесу, сергіту сәті, сөздік жаттығу, бейнероликтер көрсету.	1. Көрнекілік материалдар. Қыстың келгенін білдіретін әуеннің аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Шатырда, жерде, шыршада жатқан қардың фонында орналасқан, әдемі ақ көйлекке оранған қыстың бейнесінің суреті. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған «сиқырлы	1	27.12.2024

		ақпаратты қабылдауын дамыту. «Қыс» тақырыбы бойынша сөйлесуді есту арқылы қабылдауын, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілетін дамыту. Байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркемсөзге құштарлығын дамыту.			сақина». Қыс туралы бейнефильм: қар ұшқыны, айнала ақ қар, шыршалар мен шатырлардың үстін қар басқан. Мнемокарталар: қар жауып тұр, қар басқан шатырлар, қар басқан жер, қар жамылған ағаштар, өзін құшақтаған адам. 2. Үлестірмелі материалдар. Балалардың саны бойынша қағаздан мыжылған және оралған ақ шарлар.		
17	Орман тұрғындарының бастан кешкендері.	Қазақ тілін түсінуді, аңдарды дұрыс атау және олардың қысқы тіршілігін білуді, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестерін дұрыс құрауды, дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық	Сөздік қорға: түлкі, қасқыр, аю, бөлтірік, көжек, мыршай, қонжық сияқты сөздерді енгізу. Аю ұйқыға кетеді, қоян тонын ауыстырады, қасқыр мен түлкі жортып жүреді сияқты сөз тіркестерін белсенді	Бейнеролик көрсету, суретті көрсету, көркемсөз, әңгіме, слайд суреттері бойынша әңгімелесу, сергіту сәті, сөздік ойын, дидактикалық ойындар.	1. Көрнекілік материалдар. Аңдардың дауысы жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Көрнекілік сурет: жабайы аңдар мен олардың күшіктерінің суреттері. 2. Үлестірмелі материалдар. Әр балаға жабайы аңдар мен	1	10.01.2025

		аппаратын, көру арқылы қабылдауын, қазақ тілін түсінуді, қыстап қалатын құстарды ажырату және атауды, сөздерді сөз тіркестеріне дұрыс құрауды, көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін дамыту. Есту, сақтау және көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Аңдарға және қыстап қалатын құстарға жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу.	қолдану.		олардың шашыраңқы орналасқан көлеңкелері бейнеленген ламинатталған парақтар мен маркерлер.		
18	«Құстар біздің досымыз». Қыстап қалатын құстар.	Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажыратуды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын	Сөздік қорға: торғай, көгершін, пісте (дән) сияқты сөздерді енгізу. «Шик-шиқ-шиқ», «клю-клю-клю» құстардың дыбыстарына еліктеу сөздерін, «пісте шоқып жейді», «секіреді» сияқты сөздерді белсенді сөздік	Аудиожазбаны тыңдау, сурет көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап, артикуляциялық жаттығу, дамытушылық жаттығуы, қимыл-қозғалыс ойыны, бейнеролик көрсету.	1. Көрнекілік материалдар. Торғайлардың үні жазылған аудиожазба. Ойынға арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық сурет: даладағы шатыршаның астында суықтан үрпиіп отырған торғай. Көрнекілік сурет:	1	17.01.2025

		дұрыс өзгертуді үйрету. Дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабылдау кезінде көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін, есту, еске сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық сезіміне, табиғаттағы дыбыстар әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу.	қорға қосу.		«Көгершін». Бейнеролик: жемшашарда отырған құстар. 2. Үлестірмелі материалдар. Көлемі әртүрлі екі ұя бір параққа салынған. Құстардың екі сұлбасы: торғай мен көгершін. Бала санына қарай торғай, көгершін, мысықтың маска тақиялары.		
19	"Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі."	Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту,	Сөздік қорға: қас, көз, мұрын, кірпік, ерін, құлақ; джунгли, шөл, тундра, су, сабын, көбік, жуу сөздерін енгізу.	Ғажайып сәт, көркемсөз, дидактикалық ойын, сергіту сәті, артикуляциялық жаттығу, кейіпкермен қоштасу, рефлексия.	1. Көрнекілік материалдар. Дана қуыршақ, жылы су құйылған ыдыс, сабын, сүлгі, «Не жетіспейді?» дидактикалық ойынына арналған суреттер, дене бөліктерін бейнелейтін суреттер, әртүрлі қалалардың, адамдар тұратын жерлердің суреттері.	1	24.01.2025

		монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу.					
20	«Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Ыдыстар.	«Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету.	Сөздік қорға: ыдыс, кастрөл, шыныаяқ, тегеш, шайнек, мысық, сүтті жалап ішу сияқты сөздерді енгізу.	Ғажайып сәт, көркемсөз, дидактикалық ойын, сергіту сәті, артикуляциялық жаттығу, кейіпкермен қоштасу, рефлексия.	1. Көрнекілік материалдар. Аспаздың қалпағы мен алжапқышын киген, қолына мескей ұстаған Тарғыл мысықтың суреті. Әртүрлі ыдыс-аяқтың суреттері: шайнек, шыныаяқ, қазан, мескей, қасық. Ойынға арналған суреттер сериясы: 1) шайнек, 2) шайсыз шыныаяқ, 3) шайнектен шыныаяққа шай құйып жатыр, 4) шайы бар шыныаяқ; 1) қазан, 2) ботқасы жоқ ыдыс, 3) қазаннан ыдысқа ожаумен ботқаны салып жатыр, 4) ботқасы бар ыдыс. Қасықтың суреті	1	31.01.2025

					салынған сурет. Сүт құйылған ыдыс бейнеленген сурет. Сурет: мысықтың беті, мысық сүтті ыдыстан жалап ішіп жатыр. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы.		
21	"Тұрмыстық техника". Қауіпсіздік сақтау.	Тұрмыстық техниканың түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту, оларды мақсатына қарай ажыратуды үйрету: үтікпен киім үтіктейді, шаңсорғыш шаң жинайды, кір жуу машинасымен кір жуылады және тағы басқа. Электр құрылғылары және қауіпсіздік ережелерін бекіту. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу	Сөздік қорға: шаңсорғыш, кір жуу машинасы, үтік, тоңазытқыш, теледидар. Белсенді сөздік қорға: үтіктеу, теледидар көру, тоңазытқышта сақтау сөздерін бекіту.	Ғажайып сәт, көркемсөз, дидактикалық ойын, сергіту сәті, артикуляциялық жаттығу, кейіпкермен қоштасу, рефлексия.	1. Көрнекілік материалдар. Үйге қажетті тұрмыстық техниканың суреттері: үтік, шаңсорғыш, кір жуу машинасы, тоңазытқыш, теледидар.	1	07.02.2025

		негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Тұрмыстық техниканы қолдану кезінде ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.					
22	«Данаға арналған дастархан». Азық-түліктер.	«Азық-түлік» тақырыбына қатысты сөздерді қазақ тілінде айтуды үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; ойын барысында сұрақтарға жауап бере отырып, қарапайым сөйлемдер құру, жаңа сөздердің септік жалғауларын анық қайталап айтқызу.	Сөздік қорға: азық-түліктер, нан, сүт, шұжық, дәрумендер, оның пайдасы зор, нанды жейді, сүтті ішеді сөздері мен сөз тіркестерін енгізу.	Ғажайып сәт, көркемсөз, дидактикалық ойын, сергіту сәті, артикуляциялық жаттығу, кейіпкермен қоштасу, рефлексия.	1. Көрнекілік материалдар. Дана қуыршақ. Нан, шұжық, сүт және тағы басқа өнімдер тұрған сөрелер, «Азық-түліктер» деген жазуы бар сурет. Көрсеткіш. Көрнекілік суреттер: нан, сүт, шұжық. Сюжеттік суреттер: Дана нан жейді, Дана сүт ішіп жатыр, Дана шұжық жейді. Көрнекілік сурет: үстел үстінде тұрған көгөністер, жемістер, нан, балық, шұжық, сүт, ірімшік (тәттілер жоқ). Табаққа салынған шоколадтар бейнеленген сурет. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі	1	14.02.2025

					ырғақты әуеннің аудиожазбасы. 2. Үлестірмелі материалдар. Заттық суреттер: алма, алмұрт, сәбіз, шұжық, балмұздақ, нан, апельсин, кәмпіттер, қарбыз.		
23	«Жыл құстары»	Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).	Сөздік қорға: ұя, қарлығаш, ұзақ, қараторғай сияқты сөздерді енгізу; құстар қайтты, жыл құстары, ұя салады сөз тіркестері арқылы сөйлеу тілін байыту.	Аудиожазбаны тыңдау, сурет көрсету, көркемсөз, әңгіме, сурет бойынша әңгімелесу, сергіту сәті, сөздік жаттығу, бейнеролик көрсету.	1. Көрнекілік материалдар. Сурет: көктемде ағаштың бұтағында отырған ұзақ құсы, аспанда қалықтап жүрген қос қарлығаш, балалар жасаған үйшіктің төбесіне қонып тұрған қараторғайдың суреті. Құстардың дыбысы жазылған аудиожазба. Фланелеграф, жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың бейнелері. «Қай құс ұшып кетті?» дидактикалық ойынына арналған құстардың суреттері. 2. Үлестірмелі материалдар. Әр балаға «Жыл құстарын ажырат» дидактикалық	1	21.02.2025

					ойынына арналған ламинатталған парақтар (А4 форматындағы қағаздың бетінде жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың суреттері бейнеленген, ламинатталған парақтар), «Ұяларыңа қоныңдар!» қимыл-қозғалыс ойынына арналған аспалы бейдждердің ішіндегі құстардың суреттері.		
25	«Көрікті көктем». Көктем жыл мезгілі.	Тамшы сияқты құбылыстар жайында шағын өлең жолдарын қайталату, сөздерді анықтап айтуды, жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «Көктем» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Көктем туралы әндерді қайталап айту қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту; жалпы	Сөздік қорға: көктем, тамшылар, ағын су, бұлақ сөздерін енгізу. Көктем келді, тамшы тамады, қар ериді, бұлақтар (ағын су) сөз тіркестері арқылы сөйлеу тілін байыту.	Аудиожазбаны тыңдау, сурет көрсету, көркемсөз, әңгіме, сурет бойынша әңгімелесу, сергіту сәті, сөздік жаттығу, бейнеролик көрсету.	1. Көрнекілік материалдар. Сурет: жап-жасыл шөп, сыңғырлап аққан бұлақ, бұр жарып келе жатқан ағаштардың фонындағы қолына себет толы бәйшешек гүлдері бар әдемі киім киген Көктемнің бейнесі, оның жан-жағында құстар ұшып жүр. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған сиқырлы сақина. Ағып жатқан бұлақтың дыбысы жазылған аудиожазба.	1	28.02.2025

		«Көктем» тақырыбы бойынша сөйледі, есту арқылы қабылдауын дамыту, есту, еске сақтау қабілетін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін дамытып, жағымды көңіл күйін білдіре алу қабілетін қалыптастыру. Байқағыштықтық қасиеттерін, әсемдікті сезіну қабілетін, көркемсөзге қызығушылығын дамыту.			Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Мнемокарточкалар: күн, күнге қолын созған бала, жоғары қарап тұр, жоғары жақтан ағын сулар ағып келіп үлкен бұлаққа келіп құйылады, шатырлардан тамшылар тамшылайды, құстар ұшады. Көктем туралы бейнежазба: күн жарқырайды, қар ериді, құстар ұшып келеді, тамшылар тамшылайды, бұлақтар ағып жатыр, қар еріп қарайған жерлер мен гүлдер пайда болады. 2. Үлестірмелі материалдар. Баттастырылып сызылған екі перпендикуляр түзу сызық арқылы төрт тең бөлікке, ұяшықтарға бөлінген қағаз парақтары. Шеңберлер		
--	--	---	--	--	--	--	--

					екі ұяшыққа салынады (күннің және өңтаңба (смайлик) аяқталмаған суреттері), ұяшықтардың бірінде бір немесе екі үзік сызықтар, «тамшылар», төртеуінің біреуінде жоғарғы бөлігінде бір көлденең толқынды сызық бар. Көк қарындаштар. (Балалардың жұмыстарының нәтижелері бойынша дайын мнемокарталар болады.)		
26	«Дана далаға не киеді?» Киімдер.	Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуды (атауды) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту. Ойын жағдаятына сәйкес сөз және сөз тіркестерін	Сөздік қорға келесі сөздерді енгізу: киім, жылы киім, қолғап, пима, күртеше. Серуенге киеміз, қоңыраулар сыңғырлайды, әдемі шырша сөз тіркестері арқылы сөздік қорды байыту.	Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, дидактикалық ойын, сергіту сәті, сөздік жаттығу, кейіпкермен қоштасу, ойын рефлексиясы.	1. Көрнекілік материалдар. Қоңырау сыңғырының аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш (меңзер). Дана қуыршақ. Қуыршаққа арналған әртүрлі қысқы киім немесе аяқкиімдердің заттық суреттері: баскиім, тон, кеудеше, бөкебай, етік, қолғаптар. Киімдерге	1	07.03.2025

		дұрыс қолдана білу дағдыларын дамыту. Диалог сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. Қысқы мерекелерге жағымды қарым-қатынасын дамыту, достыққа тәрбиелеу.			арналған қорап. 2. Үлестірмелі материалдар. Әр балаға арналған шырша бейнесі. Шыршаны безендіруге арналған ойыншықтар жинағы: шар, доп, қуыршақ, құс, қоян, аю, алма, алмұрт, мәшине.		
27	Наурызым, армысың!	«Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау.	Сөздік қорға: ауыл, Наурыз мейрамы, наурыzkөже сөздерін енгізу. Мерекені тойлау, көже пісіру, ұлттық ойындар ойнау, тілек айту, бата беру сөз тіркестері арқылы белсенді сөздік қорын молайту.	Ғажайып сәт, жұмбақ жасыру, жаңылтпаштар айтқызу, артикуляциялық жаттығулар орындату, сергіту сәті, саяхатқа шығу, аудиожазба тыңдау, әңгімелесу, кейіпкермен қоштасу.	1. Көрнекілік материалдар. Ойыншық ат, Еркежан әженің суреті, ауылдың әдемі суреті, аудиожазбалар: «Тұлпарым» әні, «Қаражорға» әні, «Тақия тастамақ» ойынына арналған тақия, текеметтің суреті, әтеш, қой, жылқы, ешкінің суреттері. 2. Үлестірмелі материалдар. Әр балаға арналған қызыл және сары түсті гүлдер.	1	14.03.2025
28	«Бұл менің отбасым». Отбасы	«Отбасы» тақырыбына байланысты қазақ	Сөздік қорға келесі сөздер	Ғажайып сәт, көркемсөз, сөздік	1. Көрнекілік материалдар. Алан	1	28.03.2025

	мүшелері.	тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, шежіреде отбасы мүшелерін білдіретін барлық сөздерді, сондай-ақ, еркелетіп атау формаларын айтуды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау. Суреттер мен жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, қазақ тілін есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту. Монологтық сөйлеуді, диалогқа түсе білу дағдыларын, ойлау қабілеттерін, еске сақтауын дамытып, жайдары көңіл күйлерін танытуды үйрету. Отбасына, жақындарына деген жылулық сезіміне баулып, ересек адамдарға құрмет білдіруге тәрбиелеу.	мен сөз тіркестерін енгізу: отбасы, достар, ақылды, кітап оқиды, шұлық токиды, түскі ас әзірлейді, мен көмектесемін.	жаттығу, сергіту сәті, дамытушылық жаттығулар, кейіпкермен қоштасу, ойын түріндегі рефлексия.	бейнеленген сурет немесе қуыршақ. Көрсеткіш. Фотосурет: атасы, әжесі, анасы, әкесі, Алан, Дана. Заттық көрнекілік суреттер: атасы, әжесі, әкесі, анасы, Алан, Дана. Заттық суреттер: атасы кітап оқып отыр; әжесі шұлық токиды; әкесі көлік жүргізеді; анасы кешкі ас дайындап жатыр; Алан доппен ойнап отыр; Дана қуыршақпен ойнайды. Заттық суреттер (1/2 А4): көзілдірік, қалам, доп, балға, пирамида, қазан, тоқуға арналған сымдар мен жіптер, ойыншық мәшине. Мнемокарталар: кітап, тоқылып жатқан шұлық, мықты адам, ожау мен қазан, өңтаңба (смайлик) бала. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. 2. Үлестірмелі		
--	-------------------------	---	---	--	--	--	--

					материалдар. Карточкалар (көлденеңінен), екі бірдей бөлікке бөлінген: сол жақта отбасы мүшелерінің біреуі (атасы, әжесі, әкесі, анасы, Алан, Дана), оң жағындағы бөлігі бос. Заттық суреттердің (бөлек) өлшемі картаның оң жақ аймағына сәйкес келеді (1/4 А4): доп, қуыршақ, кітап, тоқыма жіптер мен сымдар және шұлық, бәліш, мәшиненің рулі.		
29	«Адамдардың көктемгі еңбегі»	Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу	Сөздік қорға: топырақ, тұқым, көшет, күннің көзі сияқты сөздерді енгізу. Белсенді сөздік қорға: көктемгі егістік, көктемгі еңбек, суару, күтіп-баптау сияқты сөз тіркестерін енгізу арқылы молайту.	Ғажайып сәт, көркемсөз, жұмбақ жасыру, жаңылтпаш жаттау, суреттер көрсету, сөздік жұмыс, дидактикалық ойындар, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу.	1. Көрнекілік материалдар. Көктемгі егістік науқанының суреттері (рет-ретімен), тұқым, көшет, жемістің суреттері.	1	04.04.2025

		дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу.					
30	«Ғарышкер деген кім?»	Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар	Сөздік қорға: ғаламшар, ғарыш, күн жүйесі, ғарышкер сөздерін енгізу. Ғарышқа ұшу, зымыран сөздері арқылы белсенді сөздік қорды молайту.	Алдын ала орындалатын жұмыс: ғарыш және ғаламшарлармен танысу, «Ғарыш» өлеңін оқу, иллюстрацияларды қарастыру, жұмбақтар құрастыру.	1. Көрнекілік материалдар. Тоқтар Әубәкіровтің А4 форматтағы портреті, Дана қуыршақ, зымыран, жер шары мен жұлдызды аспанның суреттері. 2. Үлестірмелі материалдар. Әр балаға «Сықырлы пішіндер» және «Көлеңкесін тап» дидактикалық	1	11.04.2025

		Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.			ойындарына арналған түрлі түсті пішіндер салынған конверттер.		
31	«Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары.	Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпақтар мен мазақтамалардың мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпақтар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту; монологтық сөйлеуді, қиялын, жағымды	Белсенді сөздік қорға: тақпақ- жаттамақ, сиыр, жылқы, қой, ешкі, дала, тауық, қаз, үйрек сөздерін енгізу.	Ғажайып сәт, аудиожазба тыңдау, суреттер көрсету, сөздік жаттығу, сергіту сәті, көркемсөз, сұрақ- жауап, кейіпкермен қоштасу, ойын түріндегі рефлексия.	1. Көрнекілік материалдар. Ойыншық балапан немесе оның суреті. Сиыр, жылқы, қой (ешкінің) дыбыстары жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған сиқырлы сақина. Үй жануарларының көрнекілік, заттық суреттері: сиыр, жылқы, қой, ешкі. Шарбақ бойындағы жалғызаяқ жолда қаз- қатар келе жатқан үйрек, қаз, тауықтың сюжеттік суреті (мультипликациялық бейнесі).	1	18.04.2025

		көңіл күйлерін білдіре алу қабілеттерін дамыту. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылыққа баулу.					
32	«Ақ қайың». Ағаштың құрылымы.	Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайың туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қимылдарды жолдардағы ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруді үйрету.	Сөздік қорға: ағаш, гүл, қайың сияқты сөздерді енгізу. Ақ қайың, сырға, бүр, жапырақ, көйлек сөздері арқылы белсенді сөздік қорды арттыру.	Ғажайып сәт, көркемсөз, сөздік жаттығу, сергіту сәті, дамытушылық жаттығу, кейіпкермен қоштасу, ойын түріндегі рефлексия.	1. Көрнекілік материалдар. Дана қуыршақ. Көрнекілік суреттер: қайыңның көлеңкесі, табиғи түстегі қайың. Көрсеткіш. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Шеңбер бойымен айналып билеуге арналған әуеннің аудиожазбасы. 2. Үлестірмелі материалдар. Қайың бейнесінің үш нұсқасы бір қатарда орналасқан (нақты және қате) тапсырма карталары: 1) қызыл діңі бар қайың; көк діңі бар қайың; ақ діңі бар шынайы қайың; 2) ақ діңі бар қайыңда шырша бұтақтары, инелері; ақ	1	25.04.2025

					діңі бар шынайы қайың; қайың, дің сияқты ақ түсті бұта; 3) ақ діңі бар шынайы қайың; қызыл діңі бар қайың; ақ діңі бар қайыңда шырша бұтақтары, инелер.		
33	<i>Бұл менің Отаным. Қазақстан.</i>	Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік	Белсенді сөздік қорға: Қазақстанның Туы, Қазақстанның Елтаңбасы, Отан, көгілдір аспан, алтын күн сөздері мен сөз тіркестерін енгізу.	Ғажайып сәт, көркемсөз, аудиожазбалар тыңдау, бейнероликтер көрсету, суреттер көрсету, сөздік жаттығу, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу.	1. Көрнекілік материалдар. Аланның суреті немесе ойыншық. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны (аудиожазба). Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Көрнекілік материалдар: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. «Менің Қазақстаным» бейнеролигі.	1	02.05.2025

		сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту.					
34	"Отаным - бақыт мекенім!". Жеңіс күні.	Қазақ тілінде отан туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдана білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту.	Сөздік қорға: отан, майдангер, ардагер сөздерін енгізу. «Аспанды бұлт жаппасын», «Мен атамды құрметтеймін», «Тыныштық дегеніміз не?» сөйлемдерін айтқызу арқылы белсенді сөздік қорын дамыту.	Ғажайып сәт, көркемсөз, аудиожазбалар тыңдау, бейнероликтер көрсету, суреттер көрсету, сөздік жаттығу, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу.	1. Көрнекілік материалдар. Дана қуыршақ. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Көрнекілік материалдар: Қазақстаннан шыққан әйгілі майдангерлердің суреті, Жеңіс күніне арналған шерудің бейнесі. «Соғыстан оралу қуанышы» атты бейнеролик.	1	16.05.2025

35	<i>«Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде.</i>	Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа	Сөздік қорға: гүлдер, бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ сияқты сөздерді енгізу. «Көктемнің алғашқы белгісі», «нәзік гүлдер», «сұлулық», «хош иіс» сөздері мен сөз тіркестерін айтқызу арқылы белсенді сөздік қорын молайту.	Ғажайып сәт, көркемсөз, аудиожазбалар тыңдау, суреттерді көрсету, сөздік жұмыс, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу.	1. Көрнекілік материалдар. Гүл ханшайымы. Сергіту сәтіне арналған баяу ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Көрнекілік материалдар: бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ гүлдерінің суреттері. Жас ерекшеліктеріне сай әр балаға 4 бөліктен тұратын гүл.	1	23.05.2025
----	---	---	---	--	---	---	------------

		табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу.					
36	«Жайдары жаз келді!»	Қазақ тілінде жаз мезгілі туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғат сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдануды үйрету. Сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуді, ойлауды, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық	Сөздік қорға: гүлдер, көбелектер, құмырсқа, аралар сөздерін енгізу; жазғы демалыс, суда жүзу, күнге қыздырыну, серуенге шығу сөз тіркестерін айтқызу арқылы белсенді сөздік қорларын молайту.	Ғажайып сәт, көркемсөз, аудиожазбалар тыңдау, суреттер көрсету, сөздік жұмыс, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу.	1. Көрнекілік материалдар. «Жаз мезгілі» тақырыбына суреттер, қиылып дайындалған түрлі түсті көбелектер мен гүлдердің суреттері, күннің қағаздан қиылған суреті, ірі модульдер (кесілген ағаштың түбірі, емен ағашы, сұр қоян мен қасқырдың маскасы).	1	30.05.2025

		таныту сезімдерін тәрбиелеу.					
Барлығы 36 сағ							

Қазақ тілі мұғалімі: Мынжасарова Гүлнұр 

Тексерген Әдіскер: Альжанова Ақмарал Хасенқызы 